

Білім беру бағдарламаларының тізілімі үшін

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7 R 01138 « Отбасылық медицина»
2	БББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық)	Қолданыстағы
3	БББ мақсаты	Отбасылық медицина мамандығы бойынша өз бетінше жұмыс істеу үшін медициналық мамандардың сапасына заманауи талаптарға сай келетін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау
4	БББ ерекшеліктері (жоқ , бірлескен, екі дәрежелі диплом)	Жоқ
5	Серіктес университет	Жоқ
6	Оқыту нәтижелері	ОН-1 Диагностика және ем: Шағымдарды, анамнезді және физикалық тексеру және зертханалық-аспаптық тексеру деректерін жинауға және түсіндіруге, аурулардың дифференциалды диагностикасын жүргізуге, клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі дәлелді практика негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті. ОН-2 Алдын алу және ерте диагностикалау: Аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүргізе алады, скринингтік тексерулер жүргізеді, науқастарға денсаулық мәселелері бойынша консультациялық кеңес береді. ОН-3 Пациенттерді басқару: Барлық жастағы науқастарды, соның ішінде қарттар мен балаларды жүргізе алады және басқа медицина мамандарымен бірлесіп жұмыс істей алады. ОН-4 Коммуникациялық дағдылар: Науқастармен және олардың отбасыларымен тиімді қарым-қатынас жасай алады, ойын жазбаша түрде анық және түсінікті жеткізе алады, қолжетімді ауызша сөйлеу қабілетіне ие, тұлғааралық қарым-қатынас, баяндама мен презентация жасау дағдыларын меңгерген, көшбасшылық қасиеттері бар. ОН-5 Қоғамдық денсаулық: Қоғамдық денсаулықты жақсартуға арналған бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеп, іске асыруға қабілетті, халық деңгейінде медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын түсінеді, эпидемиологиялық деректерді талдау және қауіп факторларын анықтау дағдыларын меңгерген ОН-6 Кәсіби этика:

		Пациенттермен, әріптестермен және қоғаммен өзара қарым-қатынаста кәсіби этикалық нормалар мен мінез-құлық стандарттарын ұстана алады, медициналық ақпараттың құпиялылығын сақтай алады, пациенттермен қарым-қатынаста эмпатия мен адалдықты көрсете алады. ОН-7 Ғылыми-зерттеу жұмысы: Зерттеу сұрақтарын нақты қалыптастыруға, деректерді жинау және талдау жүргізуге, кәсіби әдебиетті сын көзбен бағалауға, халықаралық дереккөздерді өз күнделікті жұмысында тиімді пайдалануға, ғылыми зерттеулерге қатысу және жүргізуге, зерттеу нәтижелерін мақала немесе баяндама түрінде рәсімдеуге қабілетті. ОН-8 Өздігінен білім алуы және дамуы: Өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін дайындауға қабілетті, үнемі өз дағдыларын дамытады, өз саласындағы соңғы тенденциялар мен жаңа білімдерді қадағалайды, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысады.
7	Оқыту формасы	күндізгі
8	Оқыту тілі	қазақ, орыс
9	Кредиттер көлемі	140
10	Берілетін академиялық дәреже	Резидент
11	БББ аккредиттеу (аккредиттеу органының атауы, аккредиттеудің қолданылу мерзімі)	Аккредиттеу агенттігі – Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі (БСҚТА). Мемлекеттік лицензия: 2019 жылғы 19 наурыз №KZ93LAA00014823 Бастапқы мамандандырылған, №080940008218 Жарамдылық мерзімі: 27.05.2021ж – 26.04.2023ж

Пәндер туралы мәліметтер:

№	Пән коды	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл	Компонент	Кредиттер	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)							
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
1		Отбасылық медицина	Бұл пән резиденттерге жан-жақты білім мен дағдыларды	БП	УК	24	+	+	+	+			+	+

			беру, қажетті құзыреттерді дамыту және жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер ретінде тиімді жұмыс істеуге дайындық үшін бағытталған. Отбасылық дәрігердің қызмет ережелерін, менеджмент негіздерін, біріншілік медициналық-санитарлық көмек (БМСК) қаржыландыру принциптерін және медициналық-экономикалық талдауды, денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін, әлеуметтік-бағдарланған БМСК, біріншілікті профилактиканы (вакцинация, скринингтер), қайталама профилактиканы (АББ - ауруларды басқару бағдарламасы, ПӘПМ – патронаждың әмбебап прогрессивті моделі) зерттейді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) және тегін медициналық көмектің кепілдік көрсетілген көлемін (ТМККК), гериатрия және геронтология мәселелерін, еңбекке қабілеттілікті сараптауды, дәрігерлік кеңес беру әдістерін зерттейді.											
2		Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі ішкі аурулар:	Модуль резиденттерге жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер ретінде тиімді жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттерді дамытуға көмектеседі, сонымен қатар	БП	УК	28	+	+		+		+	+	+

			ішкі және инфекциялық ауруларды қамтиды. «Ішкі аурулар» пәні резиденттердің ішкі ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу, сондай-ақ кәсіби ортаның денсаулыққа әсерін түсіну бойынша білімдері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған. «Ересектердегі жұқпалы аурулар» пәні резиденттердің амбулаториялық кезеңде ересектердегі жұқпалы ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білімдері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.												
3		Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі хирургиялық аурулар	Модуль білім мен практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған және жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер амбулаториялық жағдайда тиімді басқара алатын әртүрлі хирургиялық жағдайларды, травматологиялық зақымданулар мен патологияларды, ЛОР ағзалары мен көру мүшелерінің ең жиі кездесетін ауруларын зерттеу мен емдеуді қамтиды.	БП	УК	12	+		+	+	+	+			

4		Отбасылық дәрігер тәжірибесінде әйелмен баланың денсаулығы	Модуль жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдерге диагностикалық және емдік шараларды жүргізу бойынша білім мен практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, ерте және ересек жастағы балалардағы ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу аспектілерін, сондай-ақ амбулаториялық жағдайда ішек және ауа-тамшы инфекциялары бар балаларға сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтиды.	БП	УК	38	+	+		+			+	+
5		Отбасылық дәрігердің кешенді тәжірибесі	Модуль жалпы практика дәрігерлері/отбасылық дәрігерлерді жан-жақты даярлауды қамтамасыз етіп, олардың кәсіби дағдыларын дамытады және резиденттердің арасында қажетті білім, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырады: амбулаториялық жағдайда өз бетінше мамандандырылған неврологиялық көмек көрсету үшін; психикалық бұзылуларды бастапқы диагностикалау, оларды уақытында анықтау, шұғыл көмек көрсету және науқасты профильді маманға (психолог немесе психиатр) бағыттау бойынша; ең көп таралған тері	БП	УК	18	+	+		+				

			ауруларын және жыныстық жолмен берілетін ауруларды диагностикалау мен емдеу бойынша; фтизиатриялық науқастарға амбулаториялық жағдайда өз бетінше медициналық көмек көрсету бойынша; клиникалық ойлаудың негіздерін қалыптастыру, анамнез жинау, науқастарды тексеру бойынша коммуникативтік дағдыларды меңгеру және ең көп таралған қатерлі ісіктерді диагностикалау бойынша біліктілік пен құзыреттілікті дамыту.											
6		Шұғыл медицина	Пән жедел және шұғыл көмек көрсету дағдыларын және практикалық қабілеттерін қалыптастырып, оның амбулаториялық жағдайда тәуелсіз жұмыс істеу үшін білімін тереңдетіп, жүйелендіруге мүмкіндік береді. Пән дамытуға бағытталған дағдылар пациенттің жағдайын жылдам және дәл бағалау, жүрек-қан тамырлары ауруларында (миокард инфаркті, инсульт) алғашқы көмек көрсету, реанимациялық шараларды жүргізу, соның ішінде жүрек-өкпе реанимациясы, және жедел респираторлық бұзылыстарда (астматикалық статус, өкпе ісінуі) көмек көрсету.	БП	УК	12	+			+	+			

7		Паллиативті медицина	«Паллиативті медицина» пәні ересектер мен балаларға паллиативті көмекті БМСК деңгейінде көрсетуді ұйымдастыру негіздері, принциптері, әдістері және формаларын зерттейді. Пәнің негізгі тақырыптары мыналарды қамтиды: паллиативтік медицина негіздері; созылмалы және терминалды аурулары бар науқастарда ауырсыну синдромын және басқа да симптомдарды басқару әдістері; пациенттерге және олардың жақындарына психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету, эмоциялар мен күйзелістермен жұмыс істеу; паллиативтік көмек көрсетудегі биоэтика, құқықтық нормалар және құжаттама мәселелері; аурудың әртүрлі кезеңдеріндегі пациенттердің өмір сүру сапасын бағалау және жақсарту; дәрігерлерді, медбикелерді, психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді және басқаларды қамтитын мамандар командасының жұмысын ұйымдастыру.	БП	УК	2	+			+	+			+
		Таңдау компоненті		БП	ТК	4								
8		Отбасылық дәрігер тәжірибесінде балалардағы	Пән респираторлық патологиясы бар балаларға амбулаториялық жағдайда дербес көмек көрсету үшін	БП	ТК	4	+	+	+				+	+

		тыныс жолдарының патологиясы	білімін тереңдетіп, жүйелендіруге мүмкіндік беретін дағдылар мен практикалық қабілеттерді жетілдіреді. Тыныс алу органдарының патологиясы, балалардағы жоғарғы және төменгі тыныс жолдарының респираторлы патологиясы, балалардағы бронх-өкпелік дисплазия, балалардағы бронх демікпесі, муковисцидозы бар балаларға амбулаториялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды қамтиды.											
9		Амбулаторлық тәжірибедегі зертханалық және аспаптық диагностиканың өзекті мәселелері	Пән ішкі ағза аурулары бар науқастарды амбулаторлық кезеңде зертханалық және аспаптық диагностикасы бойынша білімдерін тереңдетуге және жүйелендіруге бағытталған. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары, тыныс алу жүйесі аурулары, асқорыту жүйесі аурулары, эндокриндік жүйе аурулары, зәр-жыныс жүйесі аурулары, сүйек-буын жүйесі мен дәнекер тіндер аурулары бар науқастарды динамикалық бақылау кезінде зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялау және бақылауды қамтиды.	БП	ТК	4				+			+	+